Монополияға қарсы органның ұқсас тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өндіруді жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілерінің жоқтығы туралы

ҚОРЫТЫНДЫСЫ

2025 жылғы 5 маусым Орал қаласы

1) сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің атауы:

«Бір терезе» қағидаты бойынша өңірлік инвесторларға қызмет көрсету орталығын ұйымдастыру.

2) ұқсас тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өндіруді жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілерінің болмауы туралы қорытынды:

Инвесторлар үшін «бір терезе» қағидатын ұйымдастыру ережелері, сондай-ақ инвестицияларды тарту кезіндегі өзара іс-қимыл тәртібі Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 282-1-бабы 2-тармағына сәйкес көзделген.

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің 2023 жылғы 26 маусымдағы №11-1-4/327 бұйрығымен «Инвесторлар үшін «бір терезені» ұйымдастыру қағидаларын, сондай-ақ инвестициялар тарту кезінде өзара іс-қимыл жасау тәртібі бекітілген.

Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2019 жылғы 23 тамыздағы № 228 «Батыс Қазақстан облысының инвесторларға қызмет көрсету орталығының кейбір мәселелері туралы» қаулысымен инвесторларға қызмет көрсету орталығы «Орал» Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ болып белгіленді (2019 жылғы 5 желтоқсанда «Aqjaiyq» ӘКК» АҚ атауын өзгертуге байланысты құрылтай құжаттарын мемлекеттік қайта тіркеу жүргізілді).

Батыс Қазақстан облысының шекараларында ұқсас тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өндіруді жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік өзге де субъектілері жоқ.

Ескертпе: Департамент берген қорытынды 2025 жылғы 31 желтоқсанға дейін жарамды болып табылады.

Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту Агенттігінің Батыс Қазақстан облысы бойынша департаментінің басшысы **С. Вахитов**

0706005 Справленный представитель Мальсов и социально-экономического развития Западно-Казахстанской области\АМУРИН Р.Н.